

## **Конфиденциалдылық саясаты**

РАДАРМИ үшін өз клиенттерінің конфиденциалдылығы маңызды. Конфиденциалдылық саясаты туралы осы құжат сайт пен қосымша алып, жинайтын жеке ақпарат түрлерін және олардың қалай қолданылып, қорғалатынын сипаттайды.

## **Біз кіміз**

РАДАРМИ, LLC («біз», «бізді», «біздің»)- қауіпсіздікке бағдарланған сервистік компания. Бұл құжатта сіздің конфиденциалдылығыңызға қатысты біздің саясатымыз, сонымен қатар Пайдаланушымен жасалған келісімге сәйкес біздің Қызметтерімізді сіздің қалай пайдаланатыныңыз сипатталады («қосымша», «веб-сайт», «есептік жазба»).

Біз Еуропалық одақта дербес деректерді немесе дерек субъектілерін бақылауды және/немесе өңдеуді реттейтін GDPR-ның (Деректерді қорғаудың жалпы регламенті) жүзеге асырылуына қолдау көрсету үшін өз саясатымызды жаңарттық. Жаңа ережелердің ЕО-қа қатысты қолданылатынына қарамастан, біз бүкіл дүниежүзі бойынша өзіміздің барлық пайдаланушыларымыз үшін қызметтерімізді жақсартудамыз.

Қосымшаны орната отырып немесе веб-сайтты пайдалана отырып, сіз құрылғының иегері болып табылатыныңызды немесе осы құрылғыға қосымшаны орнатуға рұқсатыңыздың бар екенін растайсыз.

## **Біз қандай жеке ақпаратты жинаймыз**

Төменде қосымшаның немесе веб-сайттың сізге телефоныңызды тауып беру үшін қандай жеке ақпаратты жинай алатыныңыз сипатталады.

## **Электронды поштаның мекенжайы (e-mail)**

Біз сізбен байланысу үшін сіздің e-mail-ды пайдаланамыз. Біз сізге спам жібермейміз, сонымен қатар сіздің e-mail-ді сатпаймыз немесе үшінші тұлғаларға табыстамаймыз. Біз сіздің есептік жазбаларыңызға немесе құрылғыға қатысты сізге электронды хаттарды жолдаймыз. Бұл сіздің жоғалған немесе ұрланған құрылғыңыз туралы қосымшадан автоматты ақпараттандыруды немесе құпиясөзді жаңарту жөніндегі нұсқаулықты қамтуы мүмкін. Бұл сіздің телефоныңызды табуға көмектесу үшін сіздің құрылғыңыздың орналасқан жері туралы деректерді немесе басқа да жеке ақпаратты қамтуы мүмкін. Бұл біз ұсынатын жаңа өнімдер мен қызметтер туралы ақпарат болуы мүмкін.

## **Толық аты**

Біз есептік жазбаларды тіркеу үшін, пайдаланушының есептік жазбаларын сәйкестендіру үшін, және байланыс орталығы қызметкерлерінің сізбен байланысуы үшін сіздің толық атыңызды сұраймыз. Бұл жүйеге кіретін кездегі немесе электронды хаттарда атыңызды атайтын кездегі сәлемдесуді қамтиды.

## **Орналасқан жері туралы деректер**

Қосымша сіздің теңшеулеріңізге сәйкес кез келген уақытта сіздің құрылғыңыздың орналасқан жері туралы деректерді алуы мүмкін. Бұл деректер біздің серверде сақталуы мүмкін және сіздің есептік жазбаларыңызда көрсетілуі мүмкін немесе электронды пошта арқылы жөнелтілуі мүмкін. Орналасқан жері туралы деректерді жинаудың басты мақсаты- құрылғы жоғалған немесе ұрланған жағдайда оны қадағалау.

## **Телефон нөмірі**

Қосымша сіздің телефон нөміріңізді алуы мүмкін. Әдетте ол автоматты түрде белгіленеді. Бұл сіздің құрылғыңыздың SIM-картасын және қосымшаны орнату мүмкіндігін анықтауға көмектеседі. Біз сіздің телефон нөміріңізді сатпаймыз және оны үшінші тұлғаларға табыстамаймыз.

## **Байланыстар**

Қосымша сіздің есептік жазбаңызға сіздің деректеріңізді алуы және жүктеуі мүмкін. Бұл деректер жүктегенге дейін, жүктейтін кезде және жүктегеннен кейін шифрленеді. Бұл деректер ешуақытта үшінші тұлғаларға сатылмайды және табысталмайды. Бұл деректерге өзіңіздің есептік жазбаларыңыздан сіз ғана қол жеткізе аласыз.

## **Мәтіндік хабарламалар**

Қосымша Google SMS Retriever API сервисін қолдана отырып, <#>Your verification code түріндегі сіздің кіретін мәтіндік хабарламаларыңызды тани алады. Бұл функция мобильді операторды пайдаланушыны авторизациялау үшін қажет. Сіздің мәтіндік хабарламаларыңыз қосымшада сақталмайды және ешуақытта біздің серверлерімізге жүктелмейді. Қосымша сондай-ақ мобильді оператор қызметін іске қосу үшін хабарлама мәтінін де құруы мүмкін.

## **Фотосуреттер**

Қосымша сұрату бойынша (сіз сұратқан кезде) және құрылғыны бұғаттаудан шығару әрекеті кезінде сіздің телефоныңыздың камерасынан суретке түсіре алады. Бұл фотосуреттер біздің серверлерімізге жүктеледі және сіз оларды есептік жазба арқылы қарай аласыз. Суреттер біздің серверлерімізден 1 жылдан соң немесе сіз оларды есептік жазбалардан алып тастағыңыз келсе, сұрату бойынша жойылады. Суреттер сіздің жергілікті құрылғыңызда сақталуы мүмкін. Қосымша оларды ешқашан жоймайды.

## **Wi-Fi деректері**

Қосымша құрылғының орналасқан жерін анықтауға көмектесу үшін Wi-Fi деректерін пайдалана алады.

## **IP-мекенжай**

Қосымша құрылғының орналасқан жерін анықтауға және сіздің құрылғыңыздың біздің серверлерімізбен қашан және қай жерде байланысқаны туралы жазбалар жасауға көмектесу үшін сіздің құрылғыңыздың IP-мекенжайын пайдалана алады.

## **Деректерді сақтау**

Барлық деректер біздің қорғалған веб-серверлерімізде сақталады. Осы ақпаратты жинаудың басты мақсаты:

- жоғалған телефонды табуға көмектесу.

## **Деректерді үшінші тұлғаларға табыстау**

Біз өзіміз жинаған ақпараттың бір бөлігін үшінші тұлғаларға қызмет көрсету үшін ғана табыстауымыз мүмкін. Ақпарат сіздің толық атыңыз бен телефон нөміріңізді қамтуы мүмкін, сіздің телефоныңыз жоғалған жағдайда олар жеткізу қызметі үшін қолданылады.

## **Талдау**

Біз өз қызметтеріміздің қалай қолданылатынын жақсырақ түсіну үшін қосымша мен веб-сайт арқылы жиналған деректерді талдау мақсатында қолданамыз. Мысалы, біз қызметті әрі қарай оңтайландыру үшін өз сайтымызға және қосымшаларымызға кіру жағдайлары туралы деректерді талдаймыз. Бұл үшін біз түрлі құралдарды, оның ішінде Google Analytics мен Apps Flyer-ді қолданамыз.

## **Біз деректерді қаншалықты ұзақ сақтаймыз**

Есептік жазбаларға қол жеткізу мүмкіндігі үнемі болады. Біз аты-жөні, электронды поштаның мекенжайы, құрылғыны сәйкестендірушілер мен телефон нөмірі сияқты негізгі ақпаратты сақтаймыз. Орналасқан жері туралы деректерді, байланыс деректерін және камера арқылы түсірілген фотосуреттерді қоса алғанда, бүкіл өзге ақпарат 12 айдан соң жойылуы мүмкін.

## **Ұмытылу құқығы**

Сіздің өз деректеріңізді бақылауға құқығыңыз бар. Құрылғы туралы барлық деректерді жою үшін сіз осы құрылғыны өз есептік жазбаңыздан жоя аласыз. Құрылғыны өз есептік жазбаңыздан жойған кезде осы құрылғымен байланысты барлық деректер біздің серверлерімізден де жойылады. Бұл тұрақты және доғарыла алмайды. Сіз өзіңіз туралы барлық деректі жойғыңыз келсе, сіз бізбен [support@radarme.ua](mailto:support@radarme.ua) мекенжайы арқылы хабарласа аласыз және сіздің есептік жазбаңыз біздің серверлерімізден толығымен жойылады.

### **Log-файлдар**

Көптеген өзге веб-сайттар сияқты біз лог-файлдардағы деректерді жинаймыз және пайдаланамыз. Лог-файлдардағы ақпарат сіздің IP-мекенжайыңызды (интернет-хаттама), интернет- провайдердің деректерін, сіз біздің сайтымызға кіру үшін пайдаланған браузерді (мысалы, Chrome немесе Firefox), біздің сайтымызға кірген уақытты және кірген беттерді қамтиды. Ақпарат ішкі талдау үшін және өз веб-сайтымызды толықтыруды жақсарту үшін қолданылады.

### **Cookies**

Біздің сайтымыз сізді сәйкестендіру үшін Cookies-ты пайдаланады. Бұл біздің веб-сайтымызды жақсартуға мүмкіндік береді. Cookie файлы – әріптер мен цифрлерден тұратын шағын файл, біз оны өз браузерімізде немесе сіздің келісіміңізбен сіздің компьютеріңіздің қатты дискісінде сақтаймыз. Біздің веб-сайтымыз сіздің компьютеріңізде немесе құрылғыңызда кейбір бөгде Cookie файлдарын орналастыруы және оларға қол жеткізу мүмкіндігін алуы мүмкін. Бастапқы Cookie файлдары - тікелей біз орналастырған және біз ғана пайдаланатын файлдар. Біз өзіміздің веб-сайтымыздың қолданылуын жеңілдетіп, жақсарту үшін, сонымен қатар өз қызметтерімізді ұсынып, жақсарту үшін Cookie файлдарын қолданамыз. Біздің веб-сайтымызды қолдана отырып, сіз өз компьютеріңізге кейбір бөгде Cookie файлдарын алуыңыз мүмкін. Бөгде Cookie файлдары- өзге веб-сайттар, қызметтер және/немесе бөгде ұйымдар орналастыратын файлдар.

Біз сіздің келісіміңізсіз Cookies-ті жинамаймыз. Біздің веб-сайтымыз жұмыс істеу үшін «қатаң қажетті» cookie техникалық файлдары ерекшелік болып табылады.

### **Сіздің келісіміңіз**

Біздің қосымшамызды немесе сайтымызды қолдана отырып, сіз біздің конфиденциалдылық туралы саясатымызбен келісесіз. Сіз веб-сайтты немесе қосымшаны әрі қарай қолданғыңыз келмейтін болса, бізбен [support@radarme.ua](mailto:support@radarme.ua) мекенжайы бойынша байланысыңыз. Біз өз конфиденциалдылық саясатымызды өзгертетін болсақ, сізді қосымша ақпараттандырамыз.

Сізге қосымша ақпарат қажет болса немесе біздің конфиденциалдылық саясатымызға қатысты сіздің сұрақтарыңыз болса, бізбен [support@radarme.ua](mailto:support@radarme.ua) электронды пошта арқылы байланысуды сұраймыз.

---

Бұл саясат соңғы рет 02-03-2020 1997-2020 өзгертілді ©

РАДАРМИ, LLC